

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

"Түлкі мен тырна" ертегісіЖАРИЯЛАНДЫ
18.11.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/85165/**Білім беру саласы:** «Қатынас»**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.**Тақырыбы:** «Түлкі мен тырна» ертегісі.

Мақсаты: ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойына достық, қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажыратуға баулу. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар үйрету арқылы, кейіпкерлерді достыққа шақыру.

Сөздік жұмыс: түлкі, тырна.**Билингвалды компонент:** түлкі-лиса, тырна-журавль

Заттық дамыту ортасы: ертегі кейіпкерлерін сахналау, слайд арқылы көрсету, түсіндіру, Восковичтің дамыту ойындарын қолдану

| Әрекеттер кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-----------------------|--|--------------------------------|
| Мотивациялық қозғаушы | Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйер ұлан боп Біз болашақ гүліміз | Балалар шаттық шеңбер орындады |

| | | |
|-------------------------------------|--|---|
| <p>Ізденуші ұйымдастыру.</p> | <p>-Балалар бір жылда неше мезгіл бар? -Жыл мезгілдерін атаймыз? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше бар? -Ой жарайсыңдар өте ақылды балалар екенсіңдер —Балалар қәнекей өткен тақырыпты еске түсірейікші —Жарайсыңдар ! — Садықтың әкесі кім? — Олар қайда еңбектенеді? — Олардың қасына кім келді? — Халел Садыққа не деді? — Садық не деп жауап берді? — Халел Садықты қалай қызықтырды? — Садық досын немен сыйлады</p> <p>Слайд: Түлкі мен тырна суреті</p> <p>-Балалар біз түлкіні көптеген ертегілер кездестіреміз ертегілерде қу айлакер болады. -Балалар түлкінің түсі қызғылт сары ал құйрығының ұшы ақ. -Олар тышқан, қоян, ірі құстармен қоректенеді. -Балалар тырна туралы мағлұмат бере өтейін Тырналар кәдімгідей құрлық құстары, ағаш басына ешқашан қонақтамайды. -Тырналар негізінде өсімдіктекті азықтармен — тұқым, тамырсабақ, кейде жәндіктер құрт ұлулар мен қоректенеді. Қазақстанда тырна туыстылардан төрт түрі кездеседі. Олар: ақ тырна, қара тырна, сұр тырна, қызылсирақ тырна. Ақ тырна – ірі денелі шамасында, салмағы – 10 килоға жуық -Балалар теледидардан «Түлкі мен тырна» ертегісін мұқият көріп алайық. — Балалар мен сендерге «Түлкі мен тырна» ертегісін үстел үсті театр арқылы айтып берейін. Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна өмір сүріпті. Бір күні олар орманда кездесіпті. Екі дос бірін-бірі қонаққа шақырыпты. -Досым тырна маған қонаққа кел, сен үшін бәрін дайындап қоямын -деді түлкі. Тырна түлкіге қонаққа келді.Түлкі ботқа пісіріпті Ботқаны тарелкеге салып тырнаға берді. Тырна тарелкені тырс-тырс еткізіп ботқаны жей алмады. Түлкі: -Менде басқа ештеңе жоқ,тамақтан досым. Тырна: -Рахмет, досым енді мен сені қонаққа шақырамын. Ертесіне тырна түлкіні қонаққа шақырады.Етті картоппен қуырып, құмыраға тамақты салып береді. Тырна: -Тамақтан сүйікті досым -деді. түлкі құмыраға басын былай салып, былай салып бірақ жей алмайды. Түлкі: -Сен қонақты қалай қарсы алуды білмейсің ба?- деп ашуланып кетіп қалады. Содан бері екі дос бір-біріне ренжіпті.Осымен ертегіміз аяқталды. Сергіту сәті: Тәрбиеші: -Балалар ертегі сендерге ұнады ма? -Бұл жерде қандай кейіпкерлер бар? -Түлкі тырнаны қонаққа шақырғанда қандай ыдыспен тамақ берді? -Тырна іше алды ма? -Ал тырна түлкіге не істеді? -Ертегі кейіпкерлері бір-біріне ренжіп қалды.Оларға достық жетіспейді -Балалар біз тырнаны достастырсақ қайтеді. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам» Шарты: Ертегіні құрастыр -Балалар түлкі мен тырна да достасты. Қол ұстасып тұрайық, Достық әнге салайық. Көріскенше күн жақсы Сау — саламат болайық.</p> | <p>Төрт мезгіл бар Қыс,көктем,жаз,күз. Күз мезгілі. Күз мезгілінде үш ай бар. Кішкентай бағбан ертегісін өттік. -Бағбан. -Бау-бақшада. -Халел. -Ойыншықтармен ойнайық. -Әкеме көмектесемін -деді. -Ойыншықтарын көрсетіп. -Піскен жеміс-жидектерді.</p> <p>Түлкі Тырна</p> <p>Балалар қызығушылықпен көріп отырды.</p> <p>-Иә, ұнады, өте қызықты болды. -Тарелкемен тамақ берді -Тырна іше алмады -Тырна түлкіге құмырамен тамақ берді.</p> |
|-------------------------------------|--|---|

| | | |
|---------------------------|---|--------------------------------|
| Рефлексті түзетуші | Түлкі мен тырна неге ренжісті? -Біз оларды қалай достастырдық? -Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар.Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар. Мадақтау! | Берген тапсырмаларын орындады. |
|---------------------------|---|--------------------------------|

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: жасайды, ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды.

Түсінеді: кейіпкерлердің дұрыс еместігін.

Қолданады: достық сөзін түсініп, бір-біріне қамқор болуды

Жаңаөзен қаласы. «Рахат бөбекжай-бақша» тәрбиешісі: Нурахметова Жазира Отепбергеновна

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.